

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ
ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ МЕДИЦИНСКОГО И
ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ

БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

город Астана

Дәрілік заттың серияларын
(партияларын) айланыстан алып
тастау туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 10-бабының 13) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-322/2020 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды айланыстан тоқтата тұру, тыйым салу немесе алып қою не қолдануды шектеу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21906 болып тіркелген) 3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Қағидалар), **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес дәрілік заттың серияларын (партияларын) айланыстан алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Фармацевтикалық қызметті бақылау басқармасы (бұдан әрі – Комитет) осы шешім қабылданған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық бөлімшелерін және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айланысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымын (бұдан әрі – Сараптама ұйымы), «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамға және «СҚ-Фармация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жазбаша (еркін) түрде хабардар етсін.

3. Сараптама ұйымы осы шешімді алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-282/2020 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сапасына бағалау жүргізу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21836 болып тіркелген) 10 және 11-тармақтарына сәйкес дәрілік затқа берілген сәйкестік сертификаты қайтарсын.

4. Комитетінің аумақтық бөлімшелері осы шешім туралы ақпаратты

алған күннен бастап бір жұмыс күннің ішінде:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына, басқа да мемлекеттік органдарға (құзыреті бойынша) (жазбаша еркін нысанда) хабарлауды;

2) бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыруды;

3) Комитетке осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында, сондай-ақ 5-тармақта көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілер хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 27 қазандағы № ҚР ДСМ-155/2020 бұйрығымен бекітілген Жарамсыз болып қалған, жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, жалған және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жою қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21533 болып тіркелген) 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сериялары (партиялары) тоқтата тұрылған дәрілік затты арнайы бөлінген сақтау орнына орналастырсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Комитеттің «Дельта Медикел Промоушнз АГ» (Швейцария) Акционерлік қоғамының өкілдігінің (Швейцария) 2024 жылғы 20 шілдедегі № 117 хаты.

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті төрағасының
міндетін атқарушы**

Ә. Қабденов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және фармацевтикалық
бақылау комитеті міндетін
атқарушысының 2024 жылғы _
_____ қазандағы № _____
бұйрығына қосымша

**Айналыстан алуға жататын дәрілік заттардың серияларының
(партияларының) тізбесі**

№ п/п	Тіркеу куәлігінің нөмірі	Дәрілік заттың атауы	Өндіруші, ел	Серия (партия) нөмірі
1.	ҚР-ДЗ-5№022630	Мальтофер, ішуге арналған тамшылар, 50 мг/мл	Иберфар Индастрия Фармацеутика С.А., Португалия и Корден Фарма Фрибур СА, Швейцария	Сериясы ААР27102, 01.2025ж. дейін жарамды
2.	РК-ЛС-5№022630	Мальтофер, капли для према внутрь, 50 мг/мл	Иберфар Индастрия Фармацеутика С.А., Португалия и Корден Фарма Фрибур СА, Швейцария	Сериясы ААР88302, 06.2025 ж. дейін жарамды
3.	РК-ЛС-5№022630	Мальтофер, капли для према внутрь, 50 мг/мл	Иберфар Индастрия Фармацеутика С.А., Португалия и Корден Фарма Фрибур СА, Швейцария	Сериясы NAA04301, 04.2026 ж. дейін жарамды
	РК-ЛС-5№022630	Мальтофер, капли для према внутрь, 50 мг/мл	Иберфар Индастрия Фармацеутика С.А., Португалия и Корден Фарма Фрибур СА, Швейцария	Сериясы NAA44702, 08.2026 ж. дейін жарамды

Согласовано

17.10.2024 17:14 Байтубаев Еркебулан Нургалиевич

17.10.2024 18:08 Исмухаметов Асет Куандыкович

Подписано

17.10.2024 18:21 Кабденов А.К. ((и.о Кенжеханова А. Ж.))



Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан - Бексүттанов Ж.Е.